



АСТАНА

АКШАМЫ

Поэзия парасаты

«Қазақстан» орталық концерт залында Қазақстанның халық жазушысы, қоғам қайраткері, көптеген халықаралық атақтардың иегері Мұхтар Шахановтың «Наурыз парасаты» атты шығармашылық кеші өтті. Астана қаласының 20 жылдығына арналған кешті ҚР Мәдениет және спорт министрлігі ұйымдастырды.



Был Самарқандың көк тасын еріткен, шығыс жүртүндә жыл басы болып есептелетін әз-Наурыз мерекесінің ортамызға қайта оралғанына 30 жыл толды. Ал осы мейрамның қазақ жерінде жаңғыруына Мұхтар Шаханов үлкен үлес қосты. Сол кездегі Қазақстан Коммунистик партиясы Орталық комитетінің бірінші хатшысы Геннадий Колбинді көндіріп, Наурыздың тойлануына жол ашты. Осы туралы көрініспен ашылған кеш әрі қарай әнжырға ұласты.

Мұхтар Шахановтың ақын ғана емес, композитор ретінде де білеміз. Оның өзі шығарған «Жұбайлар жыры», «Тұған күн кешінде», «Мен саған ғашық едім», «Бала махаббат», «Рух пен тіл» әндері мен ақынның Нұргиса Тілендиев, Шәмші Қалаяқов, Ескендір Хасанғалиев сынды аса көрнекті композиторлармен бірігіп жазған туындылар шырқалып, өлеңдер оқылған концерт үш сағатқа созылды. Әндерді Тамара Асар, Мәлдір Әуелбекова, Хадиша Шалабаева, Шәба Әденқұл, Қырғыз Республикасынан арнайы келген Динара Акулова, т.б. әншілер мен топтар нақышына келтіріп орындаған. Мұхтар Шахановтың Шыңғыс Айтматов, Евгений Евтушенко сияқты әлем мойындаған қаламгерлермен достығы осы күндері анызға айналды. Монголия Халық Республикасының тұңғыш ғарышкери Жугдэрэмидийн

Гуррагча да қазақ ақынының досы екен. Осы кешке арнайы қатысқан ол жылы лебізін жеткізді.



«Мен Мұхтар Шахановты көптен білемін. Таныстығымыз өткен ғасырдың сексенінші жылдары басталды. 1981 жылы ғарышқа самғадым. Сол кезде көптеген кездесулер өткіздім. Бір кездесуде журналистер менен «Кеңес жазушылары мен ақындарынан кімдерді танисыз, кімдерді сүйіп оқисыз?» деп сұрады. Мен Шыңғыс Айтматов, Расул Гамзатов және Мұхтар Шаханов есімдерін атадым. Бұл кездесулерден кейін Мұхтармен Мәскеуде жүздестік. Содан бері арамыз ажыраған жоқ. Сексенінші жылдардың ортасынан Шахановпен Арал теңізінің экологиялық проблемасы бойынша бірге жұмыс істеп, теңізді апаттан құтқаруға тырыстық. Мұхтар арқылы Шыңғыс Айтматовпен, өзге де кеңестік ақын-жазушылармен таныстым» деді монгол ғарышкери.



22 наурыз өмірінде ерекше рөл алатынын айтқан Жүргдэрэмидийн Гуррагча осыдан 37 жыл бұрын дәл осы күні «Байқоңыр» ғарыш айлағынан көкке көтерілгенін, бұған қоса Наурыз мерекесі тойланатынын, ақын досының кешін де мереке санайтынын жеткізді.

Кештің сонында Мұхтар Шахановтың өзі сахнаға көтеріліп, жалынды жырларын оқыды.

Айналаннан жана көктем

лебі ескен,

Бұл кезеңде күн менен
түн теңескен.

Сан ғасырлық ата-баба
салтына

Көпір болған Наурыз өзің емес пе ең?!.. – деп бастап, әрі қарай халықты ойландыратын, рухты көтеретін өлеңдеріне кезек берді. Шаханов шуағына шомылған көрермен бұл кештен рухтанып қайтты.



Аманғали ҚАЛЖАНОВ